

Қазақстан Республикасының шет елдердегі Сауда өкілдіктері туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 2 сәуір N 1161. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық заңды орындау үшін және Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызмет саласындағы халықаралық шарттарын тиімді жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының Шет елдердегі сауда өкілдіктері туралы ереже бекітілсін /қоса беріліп отыр/.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1993 жылғы 2 сәуірдегі
N 1161 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының шет елдегі сауда өкілдіктері туралы ЕРЕЖЕ

1-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері республиканың шет елдегі сыртқы экономикалық қызмет саласындағы хұқтарын жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының органдары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының басқа да заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімдерін, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын басшылыққа алады.

2-бап. Қазақстан Республикасы Сауда өкілдіктерінің негізгі міндеттері мыналар:

а/ өздері орналасқан елдерде сыртқы экономикалық қызметтің барлық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін білдіру және олардың қорғалуын қамтамасыз ету;

б/ Қазақстан Республикасы мен өкілдік орналасқан елдер арасында

сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға жәрдемдесу;

в/ Бұдан былай "сыртқы экономикалық қызметке қатысушы қазақстандықтар" деп аталатын министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік, кооперативтік және басқа кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдар, жеке адамдар сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырған кезде өкілдік орналасқан елде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделері сақталуын бақылау, олардың қызметін үйлестіріп отыру;

г/ өкілдік орналасқан елдерде сыртқы экономикалық қызметке қатысушы қазақстандықтардың экономикалық мүдделерін қорғау және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруда оларға барынша жәрдем көрсету;

д/ Қазақстан Республикасы мен өкілдік орналасқан елдің арасында сыртқы экономикалық байланыстар, оның ішінде сауда, өнеркәсіп, экономикалық және техникалық ынтымақтастық мәселелері жөнінде жасалған екіжақты шарттардың орындалуын қадағалау, осындай шарттар жасасу жөніндегі ұсыныстарды талдап әзірлеуге және келіссөздер жүргізуге қатысу.

3-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері өздеріне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а/ өкілдік орналасқан елде Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыру, бұл үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау, тараптардың екеуі арасындағы сауда, ғылыми-техникалық және экономикалық ынтымақтастықтың барлық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделері қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жүргізеді;

б/ өкілдік орналасқан елдердің жалпы экономикалық ахуалын, экономикалық дамуының жоспарлары мен бағдарламаларын, валюта-қаржы жағдайын, олардың сыртқы экономикалық байланыстарының дамуын, сыртқы экономикалық қызмет саласындағы заңдарын, тауарлар мен түрлі қызметтер конъюнктурасын, сондай-ақ осы елдермен сыртқы экономикалық байланыстардың басқа да ерекшеліктерін зерделейді, бұл мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігін, ал қажет болған жағдайларда сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды хабардар етіп отырады;

в/ өкілдік орналасқан елдердің мекемелері мен ұйымдарын Қазақстан Республикасының экономикалық және коммерциялық жағдайы туралы, сондай-ақ республиканың сыртқы экономикалық қызмет саласындағы заңдары туралы хабарлап тұрады;

г/ сыртқы экономикалық қызметке қатысушы қазақстандықтардың өкілдік орналасқан елдердегі сыртқы экономикалық қызметі жайындағы мәселелер жөнінде олардан қажетті ақпарат алып отырады;

д/ Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар

министрлігінің республиканың сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асыру мәселелері жөніндегі тапсырмаларын орындайды;

е/ сыртқы сауданың құрылымын жақсартуға, сыртқы экономикалық қызметтің тиімділігін арттыруға және жаңа нысандарын дамытуға бағытталған жұмыс жүргізеді;

ж/ сыртқы экономикалық қызметке қатысушы қазақстандықтардың өкілдік орналасқан елдерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделері мен сыртқы экономикалық қызмет туралы заңдарының сақталуын бақылайды;

з/ өкілдік орналасқан елдерде сауда-экономикалық ынтымақтастық орнатуда, келіссөздер жүргізуде, сыртқы сауда мәмілелерін жасасуда және оларды орындауда сыртқы экономикалық қызметке қатысушы қазақстандықтарға қажетті жәрдем көрсетеді;

и/ сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі үкіметаралық комиссиялар мен комитеттердің, халықаралық экономикалық ұйымдардың және олардың жұмыс органдарының сыртқы экономикалық ынтымақтастық жөніндегі бөлігінің қызметіне қатысады;

к/ өкілдік орналасқан елдерде әрекет жасайтын халықаралық ұйымдардың сертификациялау жүйесін, стандарттарының қолданылуын, сапаны басқару проблемаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан экспортталатын тауарлар мен қызметтердің сапасын және бәсекелесу қабілетін зерделеп отырады, бұл мәселелер жайында Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігін, ал қажет болған жағдайда республиканың басқа да мемлекеттік органдарын хабардар етеді, сондай-ақ экспортталатын өнімнің техникалық деңгейі мен бәсекелесу қабілетін арттыру мақсатымен ұсыныстар енгізеді;

л/ өкілдік орналасқан елдерде Қазақстан Республикасының ұлттық сауда-өнеркәсіп көрмелері өткізілуіне, қазақтың сыртқы экономикалық және басқа шаруашылық ұйымдарының халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысуына жәрдемдеседі, олардың жұмысын үйлестіріп отырады;

н/ машиналардың, жабдықтардың және технологиялардың ең жаңа түрлерін көрсету мақсатымен Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін көрмелерге өкілдік орналасқан елдердегі фирмалар мен ұйымдарды қатыстыру жөнінде жұмыс жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттарына сәйкес басқа да функцияларды атқарады.

4-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін өз атынан және Қазақстан Республикасының атынан келісімдер мен басқа заңдық актілер жасап, талапкер немесе талапкердің өкілі ретінде сотта әрекет ете алады. Қазақстан Республикасының Сауда

өкілдіктері жауап беруші ретінде тек Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері орналасқан елдерде осы өкілдіктер жасаған келісімдер мен басқа да заңдық актілер жөнінде туындайтын даулар бойынша ғана әрекет алады.

5-бап. Қазақстан Республикасы Сауда өкілдіктерінің міндеттері бойынша 4-баптың қағидаларын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі жауап б е р е д і .

Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері қазақтың сыртқы экономикалық және басқа шаруашылық ұйымдарының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Қазақтың сыртқы экономикалық және басқа шаруашылық ұйымдары Қазақстан Республикасы Сауда өкілдіктерінің міндеттемелері б о й ы н ш а ж а у а п б е р м е й д і .

6-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері Қазақстан Республикасы мен өкілдік орналасатын елдер арасында жасалған халықаралық шарттар мен келісімдер негізінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен ашылады.

7-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне бағынады, ол өкілдік орналасқан елдің нарығында белсенді қимыл жасайтын республиканың сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылардың мүдделерін білдіру қажеттігіне сүйеніп олардың құрылымын анықтап, шарттарын ж а с а қ т а й д ы .

Министрліктер, ведомстволар, бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар қажет болған жағдайда өздерінің қаржысы есебінен Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері құрамында немесе олардың жанында жұмыс істеуі үшін шет елдерге іссапармен өкілдер жіберіп, өздерінің сыртқы экономикалық мүдделерінің білдіруін қамтамасыз етеді.

8-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктерін Қазақстан Республикасының Сауда өкілдері басқарады, олар Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдерінің орынбасарларын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің келісуі бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері мен олардың орынбасарлары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген көлемде дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

9-бап. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдіктері орналасқан елдерде

олардың өз бөлімшелері болуы мүмкін. Олар Қазақстан Республикасы мен өкілдік орналасқан елдердің арасында жасалған халықаралық шарттар немесе өкілдік орналасқан елдердің басқа да құзырлы органдарымен уағдаластық негізінде құрылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК